

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IX том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жакып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков,
З. Сейітжанов, Ә. Тарақ, А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),
И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір-жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарақ**

Жалпы-редакциясын-басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Авторлар:

Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова,
Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер

Жауапты-редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IX том. Пәнаралық
зерттеу / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожа-
қанова, Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева,
А. Түнкер; жауапты ред. З. Сейітжанов; жалпы ред. басқ.
Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 291 б.

-ISBN-978-601-04-1617-8(ортақ)

-ISBN-978-601-04-1717-5-(IX-том)

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, ақын шығармашылығының мәдениетаралық өрісі мен байланыстары, асыл нұсқа мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау), мазмұн мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және аксиологиялық талдау бағыттарындағы жаңа ғылыми ойларға негізделген.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай өлемін терең тануға талаптанған көпшілік оқырманға арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ-821.512.122.0-

КБЖ-83.3(5Қаз)-

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1717-5 (IX-том)

© Авторлар ұжымы, 2016
©-Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

IV тарау

АСЫЛ НҰСҚА ЖӘНЕ АУДАРМА

«Өсемпаз болма әрнеге» – Абайдың жастарды адамгершілікке, кісілікке шақырған, тәрбиелік мәні жоғары өлеңдерінің бірі. Жастардың бойына лайықты қасиеттерді, олардың еліне, халыққа пайдалы болуына жол ашатын адамгершілік өлшемдерін насихаттай отырып, ақын ақыл, қайрат, шафқат секілді гуманистік сипаттағы қасиеттерді бөліп көрсетіп, олардың халық игілігіне, ізгі жолға жұмсаудың маңызын жоғары бағалайды. Ақын ұстаздық сөзін, адамгершілік қағидаларын «терең түрдегі мораль философиясымен байланыстыра айтады» [1, 162]. Өлеңде адам болам деген кісінің өмірден өз орнын табуына, орын болғанда, кісілігімен, биік адамгершілігімен, өнерімен, білімімен ел игілігіне қызмет жасау арқылы айқындалатын орынды табуына жол нұсқаған ғибрат бар. Дүниенің бір кетігіне кірпіш болып қаланудың мағынасында «сол кетікті толтырудың өнерін біл дегенді, қара күшпен емес, біліммен меңгер дегенді ұсынады» [2, 243; 3, 88]. Бұл – Абайдың өмірлік тұрғысы мен ақындық нысанасындағы ірі, биік идеялардың бірі. Оны білдіретін, оның мәнісін ашатын бірнеше ойлар, тақырыпшалар өлең желісінде өзара тұтасып жатыр. Аудармада оларды ретімен, жүйесімен жеткізгенде ғана түпнұсқаның идеялық мазмұны, ақынның ұстаздық ғибратының мәні дұрыс ашылады. Вс. Рождественский бұл орайда көп еңбек сіңірген. Аударманың көркемдік сипаты жоғары. Абайтану саласындағы зерттеу еңбектерде осы өлеңнің мазмұны мен мәні, идеясы туралы айтылған ойлар аудармаға да қатысты қабылдана ма, аударма туралы да осы ойларды іркілмей айтуға бола ма деген сұрақтардың тууы заңды. Жалпы алғанда, абайтану ғылымында бұл өлеңге қатысты түйінделген басты ойлардың қорытындысы аудармаға қатысты айтуға да лайықты. Алайда аудармадан

өлеңнің басты идеялық мазмұнын табумен қанағаттанбау керек. Өлеңнің мазмұндық желісін түзетін толып жатқан үлкенді-кішілі жекелеген ойлар мен толғаныстардың сипаты да аудармада қажетті поэтикалық қуатпен берілуі шарт.

Осы ретте аудармашылардың түпнұсқаның табиғатын қаншалықты дәл сақтағаны немесе дәл сақтай алмағаны арнайы талдауды талап етеді.

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар, қалан!

Будь разборчив в пути своем,
Если ты талантлив – гордись.
И надежным лишь кирпичом
В стену строящуюся ложись.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қапқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар –
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?[4, 205]

Убегающий видит путь,
Догоняющий вслед спешит.
Воля с разумом их ведут.
Справедливость – вот свет души.
Если воля есть, ум живет.
Доброты же правды нет, –
Впереди огонь, сзади лед,
И никак не уйти от бед [5, 111].

Өлеңнің әр тармағын түпнұсқа мен аударма бойынша салыстырып қарағанда, аудармашының кейде орынды, оралымды, кейде орынсыз іс жасағаны белгілі болады. Әр тармақтың нақты мазмұнын ұстанып, аудармадан соны іздеген жағдайда, аудармашының әр жолына сын айтуға болады. М.С. Сильченко өлеңнің жолма-жол аудармасын жасағанда, түпнұсқаға Вс. Рождественскийден әлдеқайда жақын барады әрі оның мазмұнын да дұрыс жеткізеді. Өлеңнің бастапқы екі тармағындағы өзгешеліктерге назар аудармай, кейінгі екі тармақтың аударылу жайына назар аударып көрейік. М.С. Сильченко бұл жолдардың аудармасын жолма-жол былай береді:

Ты ведь только кирпич во вселенной,
Иди (на свое место) и точно ложись [6, 181].

М.С. Сильченко әр тармақтың мағынасын дәл беруге тырысқанмен, ай-тарлықтай нәтижеге жете алмаған. Бірінші тармақтың

мазмұны белгілі дәрежеде түпнұсқаға жақын. Алайда мына жолдардан «сен де бір әлемдегі кірпішсің» деген ұғым туады. Ақынның дүние деп отырғаны әлем (вселенная) емес, өмір дегенді білдіреді. Екіншіден, ақынның айтып отырған «дүние» сөзі қандай оймен, қай тармақтағы ойдың мазмұнымен сабақтасып жатқанын жолма-жол аудармашы тап басып ажырата алмаған. Соның нәтижесінде бұл аудармадан «сен де бір кірпішсің дүниедегі, бар да, орныңды тауып жат» деген мағына туады. Оның үстіне екінші тармақтың аудармасын жолма-жол аударма қатарында тану қиын. Ал Вс. Рождественскийдің аудармасынан гөрі жатық, түпнұсқаның мазмұнын тура болмаса да, бір шама сақтай алған. Әйтсе де оның аудармасынан түпнұсқадағы мазмұннан өзгеше, «қаланып жатқан қабырғаға мықты бір кірпіш болып жата қал» деген сияқты тым қарабайыр ой туындайды. Әрине, түпнұсқамен таныс емес орыс тілді оқушы осы аударманың өзінен де үлкен ой тауып, үлкен толғанысқа түсуі ғажап емес. Ол оқушының білім деңгейіне, таным дәрежесіне тікелей байланысты. Әйтсе де түпнұсқаның мазмұнын мүмкіндігінше дәл жеткізген аударма қатарына бұны да қосуға болмайды. Абай бұл жерде өз тілінде еркін айтқан ойының бейнелі табиғатын аудармада жоғалтып алып отыр. Екінші шумақты тұтастай және әрбір тармақ бойынша салыстырып шыққанда, бұдан да өрескел ауытқулардың беті ашылады. Бұл жерде тағы да М.С. Сильченконың жолма-жол аудармасына сүйенген дұрыс. Ол бұл шумақтың екі тармаған мына тәртіппен аударған:

Энергия и разум откроют путь
И убегающему, и наступающему [6, 181].

Бірінші жол түпнұсқаның мазмұнын, шынында да, дәлме-дәл, тура жеткізіп тұр. Ал екінші жолдың соңғы сөзі түпнұсқадағы «қуғанға» сөзінің мағынасын жеткізетін балама сөз қатарына жатпайды. Дегенмен М.С. Сильченко бұл екі тармақтың негізгі мазмұнын дұрыс берген. Вс. Рождественскийдің аудармасынан көркемдік тапқанмен, мұндай дәлдікті табу қиын. Тіпті бұл екі тармақ түпнұсқадан мүлде алшақтап, мүлде басқа мағынаны

білдіретін сөздердің тобына айналып кеткен. Бұдан түпнұсқадағы мазмұн мен аудармадағы мазмұн арасында ешқандай жақындық жоқтығы көзге түседі. Шумақтың кейінгі екі тармағы туралы да осыны айтқан дұрыс деп ойлаймыз.

Шумақтағы басты, өзекті ойды ұстап тұрған екі ұғым бар. Олардың бірі – қайрат, екіншісі – ақыл. Аудармада бұл екі ұғым жоқ. Осы шумақтағы және бір басты, өзекті ойды ұстап тұрған келесі жұп ұғымдар – әділет пен шапқат. Аудармада бұл екі ұғым да жалаңаш, жадағай күйге түскен. Өлеңнің мағыналық-құрылымдық жүйесінде бұл аталған ұғымдар ақынның айтар ойының негізін құрайды және бір шумақтан келесі шумаққа жалғасып жатады. Мына шумақта бұл ұғымдардан көз жазып қалған аудармашы келесі шумақты аударуға келгенде, одан ары қарай адасады. Екінші шумақтағы қайрат пен ақыл, әділет пен шапқат үшінші шумақта тура аталмайды, ақын оларды «бастапқы екеу» және «соңғы» деп басқа сөздер арқылы береді. Бұл ұғымдардан әуелде көз жазып қалған аудармашы кейінгі шумақтағы бұл сөздердің мәнісіне терең бойлай алмай, тағы да өзінше жырлап кетеді. Оның үстіне аудармашы ақынның осы шумақтың алғашқы екі тармағын тіпті орыс тілінің талаптарына сай бермегені байқалады. Әйтпесе дәл осындай өлең тармақтарын немесе синтаксистік құрылымды орыс тіліне лайықты деуге бола ма? Біздіңше, болмайды. Бұл секілді аударма түпнұсқаның мазмұнын кедейлендіреді, ақынның шығармашылық даралығын жояды.

Жоғарыда аталғандай ауытқушылық өлеңнің түрік тіліндегі аудармасында да кездеседі. Түрік тілі орыс тілі сияқты емес, қазақ тілімен негізі бір, түбірі бір, қазіргі шақта да лексикалық қоры үндес тіл қатарына жатады. Соған қарамастан өлеңді түрік тіліне аударушылар ақын өлеңінің кейбір нәзік иірімдерін тап басып тани алмаған секілді. Оған мына үзінді мысал бола алады: Абайдың «Бастапқы екеу соңғысыз» деген тармағын аудармашы өзінше бағалап, бұлардың мәнін өз ойындағы орын-орнына қояды. Бірақ «бастапқы екеудің» орнына аудармашылар үш ұғым – үш қасиетті қатар алады. Абайдың айтып отырған «бастапқы екеуінің» үстіне «соңғының» бірін қосып жібереді. Сонда аудармада «қайрат,

ақыл, әділет» үшеуі туралы айтылады. Абай бұл үшеуін қатар алған емес, алғашқы екеуі қазақта болып, соңғысы болмаса деген ұғым осылайша бұзылған. Оның үстіне аудармашылар осы үшеуінің қазақтың бойында болуы туралы емес, болмауы туралы ұғымды береді де, бұл үшеуі қазақта болмаса, сонда ғана оның алды жалын, арты мұз болатындай түсінікті ұсынады. Біздіңше, аудармашылар бұл үш ұғымды бекер бір қатардағы құбылыстар ретінде таныған. Абайдың ұғымында бұл қасиеттер, «бастапқы екеу» және «соңғысы» қазақтың бойына қатар бітер болса, онда қазақтың қасиеті мүлде басқаша сипатымен ерекшеленер еді. «Соңғысы» болмай, «бастапқы екеу» бойында болғанда ғана қазақтың алды жалын, арты мұз секілді күйі туындайды. Мұның өзі ақынның ойын, өлеңнің мазмұнын, құрылым жүйесін мүлде басқа бағытқа бұрған.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің бастапқы мағыналық бөлімінде ақын адам алдына нақты бір міндет қойып, оған белгілі бір халықтық маңызы бар пайдалы істі атқаруды парыз етеді. Екінші мағыналық бөлімде бұл міндет пен парызды атқару үшін кісілік қасиеттерді – қайрат пен ақыл, әділет пен шапқатты – көрсетеді. Осы бөлімнің жалғасы болып табылатын келесі шумақта адам бойында осы қасиеттердің бастапқы екеуі – қайрат пен ақыл – болып, кейінгі екеуі табылмаған жағдайда, кісінің адамгершілік негізі сұйылып, бағыт-бағдарсыз, нысана-тұрғысыз өмір кешетіні жайында терең әлеуметтік ой түйінделеді. Мұндағы әділет пен шапқаттың шет қалуы, кісі бойынан табылмауы туралы ойдың негізінде ақынның жүрек туралы ойлары, жүрек туралы ұстанған эстетикалық биік нысанасы бар [7, 66-67].

Ақынның «Он жетінші сөзі», «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Жүректе қайрат болмаса» және басқа шығармалары кісі бойындағы осындай асыл қасиеттердің адам өміріндегі, қоғам, әлеумет тіршілігіндегі маңызы туралы тұтасқан ой-пікір жүйесін баяндайды. Ақынның эстетикалық биік нысанасын, қоғамдық пікірін, дүниетанымын, адамгершілік келбетін танытатын бұл секілді танымдық мәні жоғары пікірлерді аудармада жүйесін бұзбай, олардың арасындағы бірлік пен тұтастықты сақтай отырып жеткізу – аса маңызды шығармашылық міндет.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі «қайрат» сөзін М.С. Сильченко «энергия» деп, Вс. Рождественский «воля» деп аударады. Қайрат пен воля екеуі қазақ ұғымында бір сөз болмағанмен, өзара шектес, жақын. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңін орыс тіліне аударған А. Штейнберг те бұл сөзді осылай аударады. Екі аудармашының да ақын шығармашылығында орталық желіні түзетін, ақынның көзқарасын аңғартатын танымдық сипаттағы ұғымды бірдей, біркелкі аударуы орынды болып шыққан. Ал түпнұсқаның жалпы мазмұны аудармада қалай шыққанын, ақынның дүниетанымын, зор толғанысының мәнісін аудармашылардың қалай, қандай дәрежеде бере алғанын байқау үшін, мынадай салыстыруларға назар аударайық:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан пығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [4, 128].

Острый разум чист, словно пласт ледяной,
В непослушном сердце – кипучий зной.
Терпеливую мысль и пылкую страсть
В силах ты обуздать лишь волей одной.
Только тот, кто сердце и разум скупет
Непреклонной волей, — достигнет высот [5, 76-77].

Нақты, дәл аудару талабы тұрғысынан келгенде, аударманың мазмұнына, мағынасына қатысты бірқатар сын айтуға болады. Тіпті түпнұсқаның негізгі мазмұнын жеткізу, ақынның ойының нақты мәнін жеткізу бағытында да келіспей жатқан жайлар жеткілікті екені көрініп тұр. Ақын зерек ақыл мен суық мұз арасындағы қатынасты тепе-тең ұстап, бұл екі ұғымды метафоралық қатынаста алған болса, аудармада бұл теңеуге айналып кеткен. Теңеудің образы «чист, словно пласт ледяной» болуы да түпнұсқаға сай келмейді. Зерек сөзінің мағынасы қазақ ұғымында өткір ұғымымен жанаспайды, бұлар – екі түрлі сөз, екі түрлі ұғым. Аудармашының «острый» деп отырғаны «зерек» деген

түсінік бермейді, «өткір» деген ұғымды білдіреді. Өткірлік тура мағынасында затқа, құралға, қаруға және басқа осындай заттық мәнді білдіретін бұйымдарға қатысты қолданылады. Адамға, оның қасиетіне, болмыс-бітімін анықтайтын құбылыстарға қатысты айтылғанда, ол тура емес, бұрма, ауыспалы мағынада қолданылады. Ал «зерек» сөзі білдіретін ұғым затқа немесе жануарға байланысты емес, тек қана адамның ішкі қасиетінің ерекшелігіне байланысты қолданылады. Сондықтан «зерек» сөзі мен «өткір» (острый) арасында үлкен эмоциялық мазмұн айырмашылығы бар. Ол айырмашылықтарды ескермеу, көңілден таса қалдыру түпнұсқа мазмұнының аудармада сұйылып жетуіне алып келеді. Екіншіден, ақынның дүниетанымында адамның жаны мен тәні – екі түрлі, екі деңгейдегі құбылыс. Жан мен жүрек, ақыл мен қайрат болмаса, адамның денесі де – бір, бос қуыс та – бір. Ақынның: «Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы» [4, 288], - деуінде осындай сыр бар. Сондықтан «Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек» тармағының мазмұнына ерекше мән беріп қараған жөн. Бұл арада «тұла бой» және оны жылытқан «ыстық жүрек» екеуінің арасындағы қатынас еш әлсіремеген күйі аударылуына ерекше назар аударған дұрыс. Аудармашы бұл аталған логикалық қатынастарға, «тұла бой» мен «ыстық жүрек» арасындағы осындай терең мағынаға тиісті көңіл бөлмеген. Аудармашының пайымдауындағы осы тармақтардың мағынасын қазақшалар болсақ, мынадай ой түзіледі: «Асау жүректе – қайнаған ыстық». Шындығында, ақын жүректе қайнаған ыстық барын айтып отырған жоқ, ыстық жүректің тұла бойды жылытатыны туралы ой тастап отыр. А. Штейнберг жүректе ыстық барын айтады да, сол ыстық жүректің ең басты қызметін, «тұла бойды жылытқан» қасиетін, аударма мәтініне енгізбейді.

Өлеңнің кейінгі тармақтарындағы ойлар да бұрмаланған. «Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық қайраттан шығады» деген ақын ойында тағы да терең мағына бар. Ол жеке тұрған ой емес, ақынның басқа өлеңдерінің ішкі мазмұнымен, жоғарыда айтқанымыздай, сабақтасып, тұтасып жатқан ой. Қайраттан шығатын осындай қасиеттер аудармада «қайратпен бағындыратын» құбылыстарға айналған. Қайраттан шығатын қасиет және

қайратпен бағындыратын, бұғаулайтын қасиет – бұлар да екі түрлі болмысты білдіреді. Келесі тармақтарда ақын «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» десе, аудармашы мұны «жүрек пен ақылды қайратпен құрсаулап ұста» деген сияқты мазмұнда жеткізеді. Ақыл, қайрат, жүректі тең ұстау мен ақыл, жүректі қайратпен бұғаулап ұстау – бұлардың арасында да ешқандай жақындық жоқ. Оның үстінде «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» қатардағы бір ойды білдірмейді, ол ақынның дүниетанымын, ақындық, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық нысанасының негізін құрайды. Олай болса, мұндай мазмұндағы өлең жолдарын дәл осылай аударуға бола ма? Біздіңше, аудармашы бұл өлеңді үлкен жауапкершілікпен, ақынның дүниетанымына, ақындық әлеміне, оның әрбір ойына терең бойлай отырып, оларды зерттеушілік зердемен терең зерделей отырып қана аударуы қажет еді.

Берілген үзіндінің соңғы тармағында («Сонда толық боласың елден бөлек») ақынның және бір күрделі, терең танымын аңғартатын ұғым жатыр. Ол – толық адам туралы ұғым. Толық адам туралы ұғым ақынның бір ғана шығармасының емес, тұтас ақындық ойының өзекті желісі болып табылады [9, 246-258]. Аудармада бұл ұғым да сейіліп, көзге түспей, көрінбей қалған. Ә. Қодар ғана ақынның шығармашылығында басты желі болып тартылып жатқан бұл ұғымға тиісті көңіл бөліп, сәтті аударма жасайды:

Держа в единении Ум, Сердце и Волю,
Ты к цельности редкой придешь без труда [8, 43].

Үңіліп қараған адамға бұл аудармада да кемшіліктер бары белгілі болады. Абай айтып отырған «бірдей ұста» мен Ә. Қодар айтып отырған «держа в единении» екеуі екі басқа мағынаны білдіретіні сөзсіз. Ә. Қодардың аудармасын «бірдей ұстау» емес, «бірге ұстау» мағынасында ғана қабылдауға болады. Ал ақын бұл үш қасиетті «бірге» ұста деп отырған жоқ, «бірдей ұста» дейді. Толық адам болудың шарты осы үш қасиетті бірге ұстауда емес, бірдей ұстауда. Олай болса біз сәтті деп отырған Ә. Қодардың аудармасында да Абайдың өзекті ойы толық жетпеген деуге

негіз бар. Оның үстіне ақынның толық адам туралы қағидасына, тұжырымына да көлеңке түскен. Өлеңнің басқы тармақтарын Ө.Қодар мынадай үлгіде аударған:

Наш холоден Ум, наподобие льда,
Горячее Сердце согреет всегда.
Разумность и такт, прозорливость терпенья,
В нас Воли рождает тугая узда [8, 43].

Аудармашы метафоралық қатынаста тұрған екі түрлі құбылыс арқылы берілген ұғымды жеңілдетіп жеткізеді. Соның нәтижесінде ақылдың суықтығы, салқындығы туралы түсінік сақталған да, оның басты қасиеті – зеректігі – жойылып кеткен.

Жүректің жылытатындығы туралы ой сақталған да, оның нені (тұла бойды) жылытатыны ескерусіз қалған. Сөйтіп, түпнұсқадағы мазмұн мен мән аудармада өзгеріп әрі жұтап шыққан. Өлеңнің соңы мынадай екі тармақпен түйінделеді:

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек [4, 128].

Ақыл, қайрат, жүрек – бұл үшеуінің бірінсіз бірінің күні жоқ болғанда, олардың жөнін біліп, әрқайсысының орны мен ретін анықтайтын күш – ғылым. Бұл үшеуінің басын қосу, ақынның ойынша, ғылымның ісі болып табылады. Бұл «ұлы ақынның өз ойы, өз танымы екенін оның барлық шығармаларының рухы айғақтайды» [9, 242].

Ақынның барлық шығармаларының рухы айғақтайтын осы мағыналы тұрғы аудармашылардың тарапынан әр түлі дәрежеде пайымдалады. А. Штейнберг ақынның бұл орайдағы өлең жолдарын былай аударады:

Разноречье троих сумей сочетать,
Этой мудрости учит нас жизнь сама [5, 77].

Аудармада аталған үш қасиеттің әділқазысы, жөнін айтушы ретінде ғылымның орны мүлде көрінбей қалған. Бұл жерде ғылым туралы әлдеқандай сөз жоқ. Ө.Қодардың:

Ум, Сердце и Воля — ничто друг без друга,
А Знание их суть пронесет сквозь года [8, 43].-

деуі де түпнұсқаның тіліндегі ғылымның орнын тап басып көрсете алмаған.

Абайдың «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңі оның «қайрат, ақыл, жүрек» туралы толғамдарын жаңа бір биіктен танытатын өлеңдердің қатарына жатады. Өлеңнің атын О. Румер «Стяжательно одно лишь тешит душу – скот» деп аударады. Ақынның «малға дос» деп отырғаны аудармашының қолынан «стяжатель» болып шыққан. Өлеңнің кейінгі жолдарында да осындай белгілер бар. Алайда өлеңнің басты мазмұнын аудармашы дұрыс жеткізеді. Өлеңнің жалпы мазмұнын аудармада жеткізу, дәл беру – бұл да үлкен ақындық өнерді талап ететіні сөзсіз. Ал әр сөздің, әр тармақтың мағынасын дәл аударуды талап етпей, өлеңнің әр шумағының жалпы мазмұнын, ақын ойының желісін сақтап аудару түпнұсқаның тілін, ақынның ойын, ақын шығармасында көрініс тапқан өмір құбылыстарының тобын дұрыс тани алған жан үшін көп қиындық келтірмесе керек. Аудармашы өлеңнің әуелгі үш шумағын аударғанда осындай білім мен білік, таным дәрежесін аңғартады. Жекелеген тармақтар мен шумақтардың басты ой желісін бұзбай жеткізе білуі де оның еңбегінің биік дәрежесін танытады. Аудармашы түпнұсқа мазмұнын, онда көрініс тапқан өмір шындықтарының сырын нақпа-нақ бермесе де, оның негізгі қыры мен сырын, мәнін онтайлы жеткізеді. Түпнұсқаның әсері бір бөлек, аударманың әсері бір бөлек екені рас. Бір тілді емес, қос тілді, орыс тілін де, қазақ тілін де білетін және түпнұсқаның да, аударманың да көркемдік-эстетикалық болмыс-бітімін, табиғатын салыстыра отырып қабылдай алатын оқушы үшін түпнұсқаның қасиеті, поэтикалық қуаты – бір басқа да, аударманың ой қуаты – бір басқа. Түпнұсқа мен аударма арасындағы алшақтық та, ауытқу да осындай қос тілді оқырман үшін мейлінше анық көрінеді. Бұл жерде қос тілді оқырман туралы бекерден бекер ой қозғап отырған жоқпыз. Абайдың шығармалары алғаш орыс тіліне аударыла бастағанда, аудармашылар өз аудармаларын орыс тілді оқырмандарға арнағаны сөзсіз. Ол тұста қоғамның

даму дәрежесі, оқырмандардың түрі мен типі осындай мақсатта қызмет етуді аудармашылардан да, баспа қызметкерлерінен де талап еткені шын. Бүгінгі жағдайда оқырмандардың жаңа типі өсіп, жетілді. Олар – екі тілді оқырмандар. Екі тілді бірдей білетін оқырмандардың өсіп-жетілуі орыс тілді оқырмандарға ғана арналып жасалған аудармаларға бүгінде мүлде басқаша талаппен қарауға алып келіп отыр. Қос тілді оқырмандар талабына кез келген аударма жауап бере алмайды. Алайда тарихи тұрғыдан келгенде, бұл аудармалардың өз кезінде үлкен қоғамдық-әлеуметтік қызмет атқарғанын жоққа шығармау керек. Оның үстіне қоғам тек қос тілді оқырмандардан ғана тұрмайды. Орыс тілді оқырмандар Абай шығармаларын оның осындай аудармалары арқылы ғана тани алады. Сондықтан ақын шығармаларының аудармаларын бағалағанда, олардың осындай қызметін де ескеруге тура келеді. Осы тұрғыдан келгенде, ақын шығармаларының орыс тіліне аударылуы барысында түпнұсқаның негізгі мазмұндық желісінің сақталуы аса мәнді болып табылады. Түпнұсқаның басты мазмұндық желісінің сақталуы бар да, ақынның түбегейлі нысана-тұрғысын танытатын ойлардың жүйесі бір басқа. Ілгеріде айтқанымыздай, түпнұсқаның негізгі мазмұны аудармада дұрыс беріліп, ақынның түбегейлі нысана-тұрғысын танытатын ой жүйесі көзден таса қалған жағдайда, ондай аударманың көркемдік-идеялық сапасы төмен болатынын ашық айту қажет. «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» өлеңіндегі мазмұн мен мағына соңғы шумақта түйінделеді. Түйінді ойын ақын былай жеткізген:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [4, 249].

Ақынның айтып отырғаны оның өзінің жеке дүниетанымы, әлеуметтік философиялық көзқарасы, эстетикалық нысана-тұрғысы екені анық. Сонымен бірге бұл ойларда оның терең ұлттық болмысы жатыр, бұл ойларда оның ұлттық қасиеті бар. Өлеңнің ұлттық сипаты да осындай тұғырлы түбегейлі мәнімен сипатталады.

Жүректің қасиетін ақын қара сөзінде де кеңінен таратып баян еткен. Осындағы жүрек қасиеті туралы сипаттамалардың дені ақынның өлеңдерінде де басты желі болып тартылған. Ақын кісі бойындағы мейірім, шафхатты, рахымды, махаббатты жүректен шығатын асыл қасиет қатарында бағалайды. Сол себепті ақын өлеңдеріндегі «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» – бәрі де аудармада түпнұсқадағы мәнін жоғалтпай, өздері де таса қалмай, аударма шығарманың орталық өзегін түзетін ой желісі, ұғымдар жүйесі ретінде қала беруі орынды болады. Түпнұсқадағы «ыстық», «нұрлы», «жылы» сөздері белгілі заттың, құбылыстың айрықша қасиетін ашып тұрған көркемдік бейнелеу құралдары (эпитет) екені рас. Бірақ бұл жерде аудармада түпнұсқаның көркемдік бейнелеу құралдарының сақталуы туралы әңгіме болып отырған жоқ. Бұл үш сөздің үлкен әлеуметтік мәнді ашып тұрған бай қызметі бар. Олар адам бойындағы үш асыл қасиеттің, «үштік ұғымның өзіне тән гуманистік мағынасын ашып айғақтап тұр» [9, 241]. Ақынның «үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деуінде қаншалықты терең мағына барын осы айтылған жайлардан аңғару қиын емес. Ақын ойының темірқазығындай қызмет атқаратын мұндай мазмұнда да, мән-мағынаға да толы өлең жолдарының әр сөзі, әр тіркесі аудармашыдан барынша дәлдікті талап етеді.

Ақынның адамдық қасиет, адамшылық іс туралы желілі ойлары «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде және бір тереңдігімен көңіл аударады.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап [4, 267].

Төрт тармақ шумақтың алғашқы екі тармағында бір тақырыптық желі бар. Ол жұртқа сенбеу, оның себебі туралы. Соңғы екі тармақтағы тақырыптық желі – кісінің өзіне сенуі, оның нәтижесі туралы ой. Ақын өзіне сен дегенде кісінің бойындағы ілгеріде көрсетілген үш қасиетті негізге алып отырғанын есте

ұстаған дұрыс. Сол үш қасиеттің біреуі – ақыл – мына жерде анық көрсетіледі де, оған еңбек қосылады. Еңбек – қайраттың қызметі. Олай болса, ақын ақыл мен қайратты қатар ала отырып, «өзің» деген ұғымның астарында «жүректі» мегзеп отырған болып шығады. Сөйтіп, бұл жерде де толық адамның басты шарты, үш қасиет қатар негізге алынған деуге болады. Осындай іргелі, күрделі, терең ой желісіне құрылған өлеңнің орыс тілінде бірнеше аудармасы бар. Олар – А. Гатовтың, Ә. Қодардың, М. Сұлтанбековтің аудармалары. Үш аудармашының таным сипаты, шығармашылық ерекшеліктері, шеберлік үлгілері әр түрлі. Түпнұсқаны тану мүмкіншіліктері де басқа-басқа. А. Гатов өлеңнің бастапқы шумағын былай аударған:

Разным людям не верь, что тебя вознесут, –
Ведь они коварно тебя предадут.
Верь себе! И опора и счастье твое –
Это лишь неразлучные ум и труд [5, 134].

Түпнұсқадағы серпін, қимыл-қозғалыс, ойдың әрекетшілдігі аудармада біршама берілгенін жоққа шығармау абзал. Жұртқа сенбеу туралы тақырыптық желі сақталған. Оның себебі де ашылған. Өзіне сену туралы тақырыптық желі – бұл да бар. Оның нәтижесі де суреттелген. Алайда өлеңнің бір жолынан екінші жолына жалғасып, дамып жатқан желілі ойдың тұтастығы қатты әлсіреген. Өлеңде ақыл мен еңбектің қызметі нақты, үдеріс күйінде суреттелген болса, аудармада ол жоқ, еңбек пен ақыл сүйеніш пен бақытқа баланған. Еңбек пен ақыл – бақыттың көзі. Оны жоққа шығару ретсіз. Ақынның шығармашылық мұрасы бұл ойды толығынан қолдайды. Дегенмен дәл мына өлең жолдарында еңбек пен ақылдың сипаты емес, нақты қызметі бағалы. Ақынның «алып шығар» деген қимыл-қозғалысқа, серпінге толы сөзін аудармашы қимыл-қозғалыссыз «опора и счастье» деп, бейнелі, ауыспалы мағынадағы сөздердің қызметі арқылы беруі ақын өлеңінің контекстіндегі ақыл, қайрат, жүрек туралы ұғымды мүлде бүркеп тастаған. Сөйте тұра аударма туынды түпнұсқадан тыс орыс тілді оқырмандардың эстетикалық тұқынуын туғызатын

көркемдік құбылыс дәрежесіне дейін көтерілген. Ақынның дәл осы өлең арқылы айтайын деген ойы, белгілі дәрежеде көркем түрге иеленіп, орыс тіліне бірсыдырғы аударылған. Бұдан жақсы, бұдан жатық, бұдан гөрі дәл әрі көркем аудару мүмкіншілігін ешкім жоққа шығармайды. Бірақ ол екінің бірінің қолынан келмейді. Ә. Қодар мен М. Сұлтанбековтің аудармаларында да мінсіз келісім бар деп айту қиын.

Пусть хвалят люди, верить не резон.
Ты жди подвоха, если вознесен.
Поверь в себя, тебе помогут дружно
Твой труд и ум твой, взявшись с двух сторон [8, 37].

Ә. Қодардың аудармасы – осы. Түпнұсқаның алғашқы екі тармағының мазмұны жартылай берілген. Екінші тармақтың мағынасы ашылмай, басқаша сипат алған. Кейінгі екі тармақтың мағынасы да өзгеріп, артық сөздерге орын берілген. Ақынның «өзің сен, өзіңді алып шығар» деген ойына қосымша, үстеме мағына қосылып, екінші жағынан, ақынның өз ойы көмескілене түскен. Аудармашының «помогут дружно» деуі түпнұсқадағы нақты айтылған ойды бұлыңғырландырып, нақтылықтың орнын жалпылық сипат басқан. «Помогут дружно» тіркесі түпнұсқадағы тікелей бірліктердің ұғымын жеткізе алмайды. Оның үстіне аударманың өлең сөз сияқты төгіліп тұрмағаны оны түпнұсқаның ырғақ, ұйқас жүйесімен салыстырғанда айқындала түседі.

М. Сұлтанбековтің аудармасында мазмұндық нақтылық, дәлдік басым. Әр тармақтың көтеріп тұрған мазмұны, атқаратын қызметі бұл жерде нақты сақталған. Шумақтың жалпы мазмұндық бітімінде де тұтастық бар:

Сколько б тебя ни хвалили – не верь,
Хитрость таятся в хвалебной молве.
Веру в себя укрепляй, чтоб вдвоем
Разум и труд выводили на свет [10, 25].

Соңғы екі тармақтың синтаксистік құрылымы түпнұсқадан мүлде алшақ. Бұл алшақтық өз кезегінде түпнұсқадағы ой жүйе-

сінің құрылымы мен аудармадағы ой жүйесінің құрылымындағы алшақтыққа алып келген. Соған байланысты ақынның айтып отырған ойы да жүйелі қалпын сақтай алмаған. Аудармадағы мағынаны қазақ тілінде былай баяндауға болады: ақыл мен еңбек екеуі сені жарыққа алып шығу үшін, өзіне деген сеніміңді арттыр (бекіт). Бір ұғымды екінші бір ұғымның орындалуының шарты етіп көрсету түпнұсқа жүйесіндегі бірден бірге дами ұласып жатқан ой ағынының еріксіз үзік-үзік болып шығуына себепкер болған.

Өлеңнің түйінді мәні соңғы шумақта жинақталған:

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Содан тапқан – шын асыл, тастай көрме [4, 267].

Өлеңнің бастапқы шумағы секілді мұнда да кимылды, қозғалысты, үдерісті білдіретін сөздердің қатары самсап тұр. Ақынның әр сөзінде бір әрекеттің сыры бар, бір қызметтің қыры бар. Қимылды, қозғалысты білдіретін әр сөзде ақынның ғибратты өсиеті бар. Солардың түпқазығы болып ақынның жүрек туралы танымы, жүреппен байланысты ұғымдар жүйесінің өзегі тағы жарқырап көрінеді. Мұндағы ой – бейнелі, образды. Жүрек туралы ілгерідегі ойлар тура мағынада қолданылып келген болса, мына жерде олай емес. Ақын жүрекке сүңгу, жүректің түбін көздеу туралы ой тастайды. Жүрек адамның кеудесіндегі жұдырықтай ғана ет болса, оған қалай сүңгуге болады, оның түбіне қалай үңілуге, түбін қалай көздеуге болады? Ол мүмкін емес. Ал бұл сөздерді ақын қолданып отырған мәнде қабылдар болсақ, онда әңгіме басқа. Ақын ет жүрек туралы айтып отырған жоқ, сол ет жүректің қасиеті мен қызметі, ондағы махаббат, мейір, рахым туралы айтып отыр, шапхат та осы қатарда. Осы жерде ақынның жоғарыда әңгіме болған «Он жетінші сөзіндегі» жүрек туралы сипаттамаларына тағы бір назар аударған артық емес. Қайрат, ақыл, жүрек туралы сондағы ойлардың мәнісі мына өлең жолдарында қысқаша түйінделіп, шиыршық атқан мағыналы

өсиетке, ғибратқа айналған. Өзге тілді оқырмандар үшін де, түпнұсқаның аудармадағы көркемдік қасиеті үшін де өлеңнің осындай мәнінің аудармашы тарапынан лайықты көрсетілуі аса бағалы.

Енді осы шумақтың аудармасына назар аударайық:

Если горе придет, то спины не сгибай!
Если явится радость, достойно встречай!
Загляни в свое сердце и там, в глубине,
Отыскав жемчуга, береги, не бросай! [5, 134].

Түпнұсқа мен аударманы әр тармақ деңгейінде жеке-жеке және тұтас шумақ деңгейінде салыстырып қарағанда, көңіл қуантып, көзді сүйінтетін көркемдік биігін көре қою қиын. Ақын келер қайғыға байланысты екі ғибрат айтады: а) қарсы тұру, ә) құлай бермеу. Аудармада бұл екі әрекеттің кейінгісі бар да, бастапқысы жоқ. Ақын өз ғибратын «қарсы тұр», «құлай берме» деп, айтар ойының мағынасын үстеп, үдетіп, дамытып айтып отырса, аудармадан бұл ерекшелік табылмайды. Ақын ойының серпіні, қуаты, осылайша, аудармада жойылып кеткен. Тармақ деңгейінде де осыны айтуға тура келеді. Бұл тармақтағы ойдың мағыналық құрылымы да алда сөз болған тармақтың мағыналық құрылымымен бірдей. Ақын ойының сипатын да, оның құрылымдық жүйесін де екі тармақта бір ізбен, бір өлшеммен беріп, өлеңнің ішкі үндестігін, мазмұн мен пішіндегі тас бұлақтың суындай сыңғыр қағып жарасқан келісімді айшықтай түсуді мақсат тұтқан. Аудармада осындай жүйе, осындай ішкі үйлестік сыры көзге түсетіні рас, бірақ ол түпнұсқадағы келісім секілді емес, кедейленіп, жұтап көрінеді. Оның басты себебі – ақын ойының серпіні, қуаты, біртіндеп үдеп, дамып отырған желісі үзіліп қалған. Өлеңнің екінші тармағындағы ой да өзінің осындай қуатынан, серпінінен ажырап, түпнұсқаның жалпы мазмұнын ғана жеткізе алған. Тармақтағы «қызықпа», «оңғаққа ерме» екі түрлі мағынаға ие болғанмен, екеуі қатарласа, бір бірін-бірі толықтыра, дамыта келіп, ақын ойының жоғарыда көрсетілген серпінін, қуатын танытатын еді. Аудармада бұл екі түрлі мағынадан туып,

өзара тұтасып жатқан күрделі де қуатты ой жадағайланып, «дұрыстап қарсы ал», «лайықты қарсы ал» (достойно встречай) деген сияқты қарапайым, поэтикалық қуаты аз, әлжуаз ақылға айналып кеткен. «Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме» және «Если явится радость, достойно встречай» – бірі түпнұсқа, бірі аударма екі тармақ арасында басқа да мағыналық алшақтық бары байқалады.

Ақын өлеңінің түйіні соңғы екі тармақта дедік. Түпнұсқаның түйінді ойы бұл деңгейде де аудармада толық берілмеген. «Содан тапқан шын асыл, тастай көрме» дегеннен ақынның шын тілегі, жаны жалбырап, жүрегі елжіреп айтып отырғандай көңіл күйі аңғарылады. Мұндағы ақынның айтып отырған «асылы» асыл тас емес, алтын да, жақұт та емес. Мұндағы асыл – жүректің асыл қасиеттері. Ол туралы ілгеріде айтылды. Аудармашы жүректің асыл қасиеттерін білдіретін «шын асылды» «жемчуг» ретінде ұсынады. Бұл сөздің де аударма мәтіні арнасында атқаратын тиісті көркемдік қызметі бары рас. Аударма мәтінінде дәл осы жүйеде бұл сөзді басқа сөзбен алмастыруға да, ауыстыруға да болмайды. Оны басқа сөзбен ауыстыра қалған жағдайда, аударма мәтінінің сапасы, әсерлілігі, эстетикалық бағалылығы күрт төмендеп кетері сөзсіз. М. Сұлтанбеков те бұл жолдарды «В сердце свое погрузись и на дне / Жемчуг найдешь – ты его не теряй» сияқты аударған. Бұл жерде де айтарлықтай көркемдік сапа, эстетикалық сипат жарқырап тұрған жоқ, түпнұсқаның мазмұн тереңдігі де тиісті дәрежеде ашылмаған ойға тербеу, қозғау салатындай деңгейде аударылмаған. Ә. Қодардың аудармасы да ортақ ол күйге:

Уйди в себя, достигни сути в сердце,
Там истина, которой нет вокруг [8, 37].

Тым қарабайыр, тым саяз. Осы жолдардың мағынасын қазақша беретін болсақ, онда ақынның ойының мүлде бозарып, қаннан да, жаннан да ажырап қалған сұрықсыз бірдеңеге, әлдебір шалажансар ызыңға ұқсайтыны байқалар еді. А. Гатов пен М. Сұлтанбеков аудармаларындағы «жемчужина», Ә. Қодардың аударуындағы «истина» түпнұсқадағы жүректің түбінен табылатын «шын асыл»

ұғымын және оның мәнін таныта алмайды. Жүректің басты қасиеті рақым мен шафхат болса, жақсылық та, мейірім де, әділет те, ар-ождан, ұят та – бәрі содан тарайды, содан табылады. Ақынның айтып отырған «шын асылы» – осылар. Жақсылықпен, әділетпен, нысап, ұятпен, рақым, мейірбаншылықпен іздеп тапқан нәрсенің бәрі – шын асыл. Аудармалардың мәтінінен бұл – ғым жүйесін тану да, табу да қиын.

Ақын «өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде ілгерідегі ойларын тағы бір биік деңгейден толғайды. Мұндағы адамның өлместігі туралы пікірдің құндылығы зор. Адамның өмірі мен өлімі жайында ой тарата келіп, ақын «мен» және «менікі» туралы жеке ой түйеді. Одан ары қарай «мен» ұғымының мағынасы былай ашылады:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған [4, 225].

Ақын «Ерекше естен кетпес қызық қайда» өлеңінде «ақылды, асыл жүрек, сөзі майда» жанды мінезі артық кісі қатарында бағалайды. Бұл ойлар да ақынның жоғарыда талданған шығармаларымен мазмұн-мән жағынан үндесіп жатқаны рас.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атпенен.
Артағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең [4, 275], –

деген жолдардан ілгеріде әңгіме арқауы болған «өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде айтылған философиялық ойлардың желісін, сол ойлардың сарынын аңғару қиын емес. Мына өлеңде ақын «өлмейтұғын істі» қосып айтқан. Махаббат, үлгілі жақсы ат ақын айтып отырған «сөз» бен «іс» арқылы көрінбек. Бұлардың негізінде де ақынның жүректі бүкіл «әділет, шафхат, рахым, ар-ұят атаулының нәр алар көзі, құтты мекені ретінде» [9, 249] таныған, тануды ұсынған үлкен пікірі, биік тұрғысы жатыр.

Адамның өлмеуінің себебін ақын оның артында өлмейтұғын сөз қалдыруымен сабақтастырады. Өлмейтұғын сөз тағы да ақыл, қайрат, жүреппен үндесіп жатыр. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек жоқ жерде өлмейтұғын сөз де жоқ. «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде ақын бұл ойын ашып, айқындап айтады, «мен» және «менікі» ұғымдарының мәнін нақты көрсетеді:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мен» менен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббатпен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде [4, 65].

«Менікі» ұғымының аясында тән ғана емес, дүниенің басқа қызықтары да бар – дүние-байлық, дәулет, т.б. «Менікі» ұғымы тәннің өзі мен оның қызықтарын білдіреді. Кісі фәниден бақиға көшкенде, оның үй жолдасы мал да емес, байлық та емес, тән де емес, бұлардың бәрі алдамшы. Кісінің бақидағы жолдасы – әділеттік, арлылық, махаббат. Бұлар – ақын «мен өзім» деп отырған ақыл мен жаннан тарайтын қасиеттер. Өлең жолдарынан ақынның дүниетанымын, өзекті ойын танытатын пікірі, эстетикалық, әлеуметтік көзқарасы тағы да бір қырынан көрініс тапқан. Аудармада түпнұсқа өзегіндегі осындай ойлар жүйесінің көрініс табуы мейлінше маңызды. Ақынның мұндай түбірлі ойлары терең көрініс таппайынша, аударманың түпнұсқаға сәйкестігі, ақынның ақындық даралығының аудармада сақталуы туралы сөз қозғау артық.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі жоғарыда берілген шумақты М. Касаткин мына түрде аударды:

Манит нас этого мира лукаво-обманчивый зов,
Словно коня, он стреножить нас сетью обманов готов.
Можем ли мы человека умершим назвать,
Если оставил в наследство он мудрость бессмертную слов? [5, 122].

Адамның дүниеге бой алдыруы ауыспалы мағынада айтылып тұрған қанатты сөздердің қатарына жатады. Оны дәл, тура, сөзбе-сөз аудару мүмкін емес. Кәнігі аудармашы мұндай сөздердің орыс тіліндегі баламасын табуға ұмтылады. Олай болмаған жағдайда аудармашы өлеңнің кейбір басты деген детальдерін теріп алып, аударманы солардың негізіне құрады. Бұл – аудармашы үшін ең жеңіл жол. М. Касаткин осы жолды таңдаған. Әр тармақтың түпнұсқасы мен аудармасын салыстыра қарағанда, аудармашының қаншалықты өз бетінше, өз бетімен кетіп қалғаны анық көрінеді. Алғашқы екі тармақта түпнұсқаға тән мағына мүлде сейіліп, оның орнын басқа мазмұн басқан. Дүниеге бой алдыру, аяғын көп шалдыру ойға қонымды, ықшам, бұл жерде көпсөзділіктің ізі де жоқ. Аудармашы ақынның ойлауындағы, стиліндегі, аз сөзбен көп мағына бере білген ақындық қуатындағы ерекшеліктерді түбегейлі жеткізе алмаған. Екінші тармақта аудармашы ат туралы, оның үш аяқтап тұсалуы туралы ойды ұсынады. Бұл, әрине, дүниеге бой алдыру немесе аяғын көп шалдыру туралы ойға балама бола алмайды. Соңғы екі тармақтың аудармасы ғана түпнұсқадағы ойды біршама дұрыс жеткізе алған. Шумақтың толық мағынасы аудармада дұрыс берілмегенмен, онда ақынның негізгі ойларының үзіктері сақталғанына разы болу жеткіліксіз. Тас бұлақтың суындай сылдырай келісіп жатқан жарасым түпнұсқадан аудармаға да сол жарасқан күйде көшуі қажет еді.

А. Ромм аудармасында осы өлең жолдары өзгеше беріледі:

Превратность жизненная – многим тяжкий плен,
Мы плачем от ее ударов и измен.
Бессмертные слова ты оставляешь миру, –
Так можно ли сказать: «Ты превратишься в тлен!» [11, 85].

Түпнұсқадағы ойлар бұл жерде де үлкен өзгерістерге түскен. Алғашқы екі тармақтың мазмұны түпнұсқа мазмұнына еш сәйкес келмейді. М. Касаткин осы жолдарды аударып отырып, ат жайлы, оны үш аяқтап тұсау жайында ой айтып кетсе, А. Ромм «біздің жылауымыз» («мы плачем») туралы, «алдамшылығы

мен соққысынан жылауымыз» туралы сөз тастайды. Түпнұсқада ақын өз тарапынан да, өзгенің тарапынан да ешкімге арнайы бұрылып сөз айтпайды. Өлеңде бірінші жақтан айтылған нақты ой жоқ. Екінші біреуге арнайы бағытталған сөз де жоқ. «Сен өмірде өлмейтұғын сөз қалдырасың» (Бессмертные слова ты оставляешь миру), «Олай болса, «Сен шірікке айналасың!» деп айтуға бола ма» (Так можно ли сказать: «Ты превратишься в тлен!») – А. Ромм аудармасының жалпы мазмұны осындай дәрежеде. Бұл аудармаға қарағанда, М. Касаткиннің аудармасы көркемдік-эстетикалық деңгейі жағынан көп жоғары тұр. М. Касаткин мен А. Ромм аудармасынан гөрі Л. Озеровтың аудармасы түпнұсқаның мазмұнын едәуір толық береді:

Над нами широки судьбы права.
Мы часто в жизни держимся едва.
Но можно ли того назвать умершим,
Кто миру дал бессмертные слова? [11, 173].

Л. Озеров түпнұсқаның алғашқы екі тармағының жалпы мағынасын береді де, кейінгі екі тармақтың мазмұнын толық сақтайды.

«Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінен келтірілген жоғарыдағы екі шумақ А.Штейнбергтің аудармасында ақын айтып отырған «мен» және «менікі» ұғымдарын жартылай ғана ашады:

«Я» – душа и сознание, а плоть и кровь –
Оболочка души, их к смерти готовь.
Пусть бессмертна душа, но тело умрет,
Так терпи же, крепись и не прекословь!
Ищет плоть наслажденья ночью и днем,
Но какая же малость сокрыта в нем!
Совесть, правда, любовь – лишь к ним ты стремись
До поры, как заснешь непробудным сном [5, 133].

Ақылды сана (сознание) деп аудару ақылдың ақын шығармашылығындағы қызметін, ақын танымындағы оның мәні мен мағынасын бұзуға алып келген. Ақыл – ақынның поэтика-

лық танымындағы, әлеуметтік көзқарасындағы жеке бір категория. Оның мазмұны, мағынасы айқын. Ақыл ұғымын мына өлең жүйесінде де басқа ұғыммен, басқа сөзбен алмастыруға болмайды. Өлеңдегі «тән» сөзін «плоть и кровь» деп алып, көпсөзділікке салыну да келісті болып тұрған жоқ. Оның үстіне ақын «тән» және «менікі» деген екі ғана сөзбен екі ғана ұғымды ұстанса, аудармада бұл екі сөздің арасына бір емес, бірнеше бөтен сөз, бөгде ой түсіп кеткен. Тән мен қан – жанның қабығы («плоть и кровь – оболочка души») секілді түсінік түпнұсқадағы «тән – менікі» тіркесінің мағынасын бермейді. Ақын танымында «менікі» ұғымының арнасында үлкен мағына жатыр. Тән, тәннің қызығы, дүние, байлық, дәулет – осылардың бәрін ақын «менікі» ұғымының аясына сыйдырып, солардың бәрін жинақтап, бір сөзбен, «менікі» сөзімен, жеткізіп отыр. Аудармада «мен» жартылай бар да, «менікі» ұғымы мүлде жоқ, оның жалаң белгілері ғана бар. Соңғы екі тармақтағы «мәңгі ұйқыға кеткенше әділеттілік, арлылық, махаббатқа талпын» ұғымы да түпнұсқа мазмұнынан алшақ. Ақын кісі дүниеден өткенде де оның жолдасы әділеттік, арлылық, махаббат болатындығы туралы айтқан, бұл қасиеттерді дүниеге, дәулетке, тән құмарына, олардың өтпелілігіне, фәнилығына, алдамшылығына қарама-қарсы қойып толғанған. Ө. Қодар осы шумақтарды басқаша аударған:

Знай: «Я» – это разум, а тело – «Мое»,
В двух сущностях разных мы мирно живем.
Бесплотное «Я» изначально бессмертно,
«Мое» не спасти, не горюй же о нем.
Однако, вас жар обладанья влечет,
Вы радостям плоти теряете счет.
Но честь и любовь, справедливость и совесть,
За смерти порогом воздвигнут свой свод [8, 55].

Аудармашы бастапқы жолдағы («ақыл мен жан – мен өзім») бірінші ойды білдіріп тұрған сөйлемді бұзып, ақылды қалдырып, жанды шығарып тастаған. Аудармашының өз тарапынан қосқан сөзі («знай») ешқандай мағыналық немесе көркемдік қызмет атқарып тұрған жоқ. Сол себепті ақынның өлеңінің мәтініндегі

басты ұғымды білдіретін сөзді алып тастап, оның орнына түпнұсқада жоқ, аудармада да өзінің толық орны мен қызметі анықталмаған бөтен сөзді қосудың қажеті жоқ еді. Екінші тармақтың аудармасы түпнұсқа мазмұнын толық бұзып жеткізген. Ақынның айтып кеткен «мен» және «менікі» ұғымдарының мәні мүлде бұзылған. Ақынның «мен» деп отырғаны, өлмейді деп отырғаны – адам. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дегенде де ақын осы ойын арнайы ашып айтқан. Бұл ой аудармашының «біз екі түрлі мәнде де бейбіт өмір сүреміз» («В двух сущностях разных мы мирно живем») деген аудармасының мағынасына мүлде қайшы. Аудармашының өлең жүйесіндегі «мен» және «менікі» ұғымдарының мәнін, орнын, ақынның дүниетанымына қатысын дұрыс анықтай алмауы осындай кемшілікке алып келген.

Абай шығармаларында халықтың асыл мұраты, мінез-құлқы, ұлттық ойлау ерекшелігі келіскен кемел көркемдік деңгейде суреттеледі. Ақын өлеңдерін орыс тіліне аударудағы басты қиыншылық та осыдан туындайды. Ақынның ұлттық ойлауы ақындық әлемінің ұлттық бейнелілігі мен байлығы неғұрлым терең болған сайын, оны аудару да соғұрлым қиындай түседі.

Жоғарыда түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік пен алшақтық жайы тек мазмұн-мағына арнасында ғана сарапталды. Бұл жерде нақты, тура мағыналы сөздердің тура мағынада аударылуы, тармақ беретін мағынаның аудармада мүмкіндігінше дәл берілуі, тармақ, шумақ, тұтастай өлең мазмұнын, ақынның өмірлік тұрғысын, ақындық биік нысанасын танытатын, эстетикалық көзқарастарының негізін аңғартатын тұжырымды ойлардың берілу дәрежесі жайында сөз болды. Әрине, аударма өз қалпында, түпнұсқадан тыс тұрып та белгілі көркемдік-эстетикалық, танымдық қызмет атқаратынында сөз жоқ. Ақынның ойын ақынның өз ақындық қуаты деңгейінде бейнелі жеткізу аудармашы үшін мүмкін еместігінде сөз жоқ. Бейнелілік, образдылық сыры мен сымбатын аударуда аудармашыдан ешқандай биік талап өлшемдерін талап етпей, тек мазмұн-мағына деңгейінде ой қозғағанның өзінде, аудармада түпнұсқа мазмұнының кейде өрескел бұрмаланатыны, кейде орынсыз өзгеріске ұшы-

райтыны белгілі болады. Бұл өзгерістер мен бұрмалаулар Абайдың ақындық өнері туралы халық санасында, абайтану ғылымында қалыптасқан биік ұғымнан төмен түсініктің орын алуына мұрындық болуы ғажап емес. Сондықтан Абайдың ақындық даналығына лайықсыз аударманың болмыс-бітімін сыншыл оймен пайымдаудың әлеуметтік, ғылыми маңызы жоғары. Әдеби шығарманың өзге тілге аударылғаннан кейінгі аударма қалпындағы көркемдік сапасы мен әлеуметтік қызметі түпнұсқадан тыс бағалануға тиісті емес. Аударма шығарманы оқырман өзінше қабылдап, оның көркемдік-эстетикалық мәнін түпнұсқадан тыс, өзінше өлшеп-пішіп, өзінше бағалауына ерікті. Алайда аудармашы түпнұсқадан ауытқып, өз оқырманының қолына автордың басты ойын, өмірлік маңызы жоғары пікірлерін, шығармашылық нысанасын өзгертіп жеткізетін болса, онда бұл оқырманды адастыруға, түпнұсқа туынды туралы мүлде бөлек, ақиқатқа жанаспайтын түсініктің пайда болуына алып келеді.

Заманның, заманның адамының образын жасауда ақын кейде қарама-қарсы сипаттағы істерді, қарама-қарсы құлықтағы адамдардың ісін өзара қабаттастыра, жарыстыра суреттейді. Бұл тәсілдің ерекше жарқын көрініс тапқан бір үлгісі – «Күшік асырап, ит еттім» өлеңі.

Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанағтты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты [4, 289], –

төрт таған өлеңнің әр тармағында бай мазмұн бар, терең ой жатыр. Төрт тармақтың әрқайсысында белгілі бір нақты іс сипаты көрініс тапқан. Екіншіден, әр екі тармақтағы хабар белгілі бір тиянақталған, аяқталған ойды білдіреді, оның үстіне бұл жай ой емес, поэтикалық ой. Бұл ойдың өзі бір-біріне қарама-қарсы эмоциялық мазмұнымен ерекшеленеді. Күшік асырап, оны ит ету – адамның ісі. Сол күшікті асырамаса да, адамның ештеңесі кетпес еді. Бірақ күшік асырап, оны ит еткенде, адамның да пендешілік мақсаты, пендешілік ойы болатынын ескеру керек.

Әйтпесе, адам күшікті өзіне дұшпан ету үшін асырамайды ғой. Міне, сол асыраған күшігі ит болды, ит болған соң, иесіне адал болудың орнына, иттігіне басып, иесіне шауып, оның балтырын қанатты. Адамның күшіктен үміті ақталмады, күшіктен ит болған мақұлық өзін иттікке жеткізген иесіне қызмет студің орнына оған қастандық жасады. Басқаша айтқан жағдайда, жасаған жақсылық жамандық болып қайтты. Өлеңнің келесі жұп тармағында осы оймен қатар, егіз өріліп, басқа бір мәнді поэтикалық сурет жасалады. Кісі біреуге мылтық үйретеді, ол мылтық атуға машықтанып, мерген болған соң, өзін осы дәрежеге жеткізген, мергендікке баулыған жанды атады. Өлең күшіктен ит болып, одан иесінің балтырын қанатқан ит жайлы, мылтық үйреніп, мерген болып, одан мергендікке үйреткен шебердің өзін атқан кісі жайлы болғанмен, осы айтылған жайлар мен суреттердің, образдар қатарының астарында, өзегінде үлкен мән, терең мағына бар. Ақын өз заманы мен сол заманының адамы жайлы негізгі шындықты осындай образды ой, ойлы сурет арқылы бейнелеп көрсетеді. Аудармашы А. Глоба бұл өлеңді былай аударарды:

Я вырастил пса из щенка, –
Он мне ногу раз прокусил.
Обучил я когда-то стрелка, –
Он меня чуть не подстрелил [11, 212].

Етектен тарту, балақтан ілу, балтырдан алу, балтырды канату – бұлардың бәрі де мағынаға бай. Ақын өз өлеңінде белгілі заманның басты шындығын, басты әлеуметтік құлқын ұлттық тілдің ұлттық өрнектері арқылы танытады. Аудармада түпнұсқаның мұндай ерекшеліктері кең ашылмаған. Бірінші тармақ мағыналық жағынан түпнұсқаны дәл жеткізгенімен, екінші тармаққа келгенде аудармашы өз тарапынан басы артық, бөтен сөз қосады. Аудармадағы «раз» сөзі осындай басы артық тұрған, бөтен сөз қатарына жатады. Келесі екі тармақ төмен деңгейде аударылған. Одан мынадай мағына туындайды: бір кездері мен атқышты баулып (үйретіп) едім, ол менің өзімді атып жібере жаздады (эрең атпай қалды). Түпнұсқадағы әр сөз, әр ой нақты,

болған іс болғандай тұжырымды, тиянақты айтылғаны жоғарыда көрсетілді. Аудармада ондай нақтылық пен айқындылық, тұжырымдылық пен тиянақтылық жоққа тән. Түпнұсқада «мені атты» деп нақты айтылса, аудармада «мені атып жібере жаздады» немесе «мені әрең атып жібермей қалды» деген сияқты болымсыз ой ұсынылады. «Мені атты» мен «мені әрең атпай қалды» арасында үлкен айырмашылық бары, бұл айырмашылықтан туындайтын үлкен мағына алшақтығы, одан таралып жатқан эмоциялық әсердің жартыкештігі салыстырулардан анық көрінеді. Шындығында, «әрең атпай қалды» сөзінің мәнісі «атпады» дегенге келіп саяды. Ақынның «атты» сөзін бұлайша «атпады» деген ұғымға сыйдыруға аудармашының қаншалықты мүдделі болғаны әдебиеттану ғылымы үшін, аударматану ғылымы үшін белгісіз бола алмайды. Бұл жерде аудармашының шеберлігі немесе талант даралығы, содан туындайтын шығармашылық еркіндік жайында әңгіме етудің қажеті жоқ. Түпнұсқаның мәнін, ақын ойының сыртын емес, ішін білу, ақын сырының тереңіне бойлау жоқ жерде осындай жадағай аудармаға жол ашылады. Аудармашы ақынның «мені атты» сөзін жете түсінбегенге ұқсайды. Аудармашының осы айтылған ойлар төңірегінде толғануы оны мына пікірге алып келуі ғажап емес: егер оны мерген атса, онда ол қалай тірі қалады, өліп кетпей ме... Ал мына «мені атты» деп отырған адам өлген жоқ қой... Міне, осындай ойда болғанда ғана, аудармашы түпнұсқаны ілгеріде көрсетілгендей аударуы мүмкін. Оның «меня чуть не подстрелил» деуінің сыры осында болуы ғажап емес. Бұлай болған жағдайда аудармашы түпнұсқаның ішкі мәнін, ақын ойының түпкі нысанасын, оның поэтикалық ойы мен ойлауының ұлттық сипатын терең түсінбеген болып шығады. Түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық байлығы мәтіннің ішкі өзегіндегі, контекстегі мағына арқылы ашылады. Аудармада ондай ішкі мән, мәтіннің астарындағы мағына ашылмаған күйі қалған. Бұл жерде аударма тілі мен түпнұсқа тілінің лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерінің атқаратын қызметі де ерекше. Түпнұсқа тіліндегі (қазақ тіліндегі) «атты» сөзінің немесе, толық алғанда, «мені атты» сөзінің беретін мағынасы орыс тіліне аударғанда, едәуір басқаша болып шығатынын еске алуға тура

келеді. Қазақ тілінде бұл сөз мағынасын әрқалай қабылдауға болады. Онда бұл сөздің мағынасы білдіретін іс сипаты мен одан туындайтын нәтиже немесе салдар көңілге қатар ұялайды. Басқаша айтсақ, бұдан екі түрлі ой қатар көрініс береді. Қазақ тілінде кейінгі ой көмескі ғана елес береді. Ал орыс тілінде олай емес, кейінгі ой басым және анық байқалады да, алдыңғы ой даралана бермейді. Сондықтан да аудармашы бұл сөзді дәл аударуға бармаған деуге болады. Өлеңнің осындай табиғатын аңғарған А. Жовтис түпнұсқаны аудару барысында мүлде өзгеше поэтикалық шешімге келеді:

Собаку я выкормил из щенка,
И зубы ее испытал.
Меткости я обучил стрелка
И сам мишенью стал [5,141].

Түпнұсқадағы «Ол балтырымды қанатты» деген тармақтың мағынасын аудармадағы «и зубы ее испытал» деген жол дәл жеткізіп тұр деп айтуға болмайды. Өйткені бұл жерде лексикалық сәйкестік толық сақталып тұрған жоқ. Мұның үстіне аударма тармақты жеке алып пайымдағанда, онда түпнұсқадағы мазмұн да жоқ секілді көрінеді. Аударма тармақтан қазақша ойға қонатын ұғым «оның тісін байқадым сынадым» сияқты болып шығады. Бұл тармақты өлеңнің мәтінін, контексін мағынамен тұтастықта алып қарағанда, түпнұсқа мазмұнын жеткізудің аудармашы үшін оңтайлы, орайлы жолы осы екені аңғарылады. Аудармашының шешімі түпнұсқа табиғатын лайықты жеткізуге жол ашқан. Өлеңнің келесі екі тармағының аударылу дәрежесі туралы да осыны айтуға болады. Ә. Қодар өлеңді бұдан гөрі өзгеше аударады:

Щенка, обучая, я вырастил в пса,
Меня укусил он мгновенно.
Кого-то стрелять научил я и сам
Стал первой жертвой мергана [8, 54].

Аудармада ақынның өлеңінің негізгі мазмұны сақталған. Алайда аударма өзінің көркемдік-эстетикалық табиғаты жағынан

түпнұсқамен теңесе алмайды және ілгеріде әңгіме болған А. Глоба аудармасынан озып шыға алмайды. А. Глоба аудармаға басы артық сөздерді қосып, түпнұсқаның мазмұнын, образды сипатын әлсіретіп, босаңсытып жеткізсе, Ө. Қодар да сондай олқылықтарға ұрынады. Сондай-ақ түпнұсқа табиғатына жат сөздерден жағымсыз ойлар қылаң береді. Аударманың бірінші тармағындағы күшікке қатысты «обучая» сөзі қазақ ұғымына жат екені бірден көзге түсіп тұр. Орыс тілді оқырман үшін бұл айтарлықтай кемшілік болмауы да мүмкін. Бірақ ақын «үйреттім», «оқыттым» деп отырған жоқ, «асырадым» деген ойды айтып отырғанын естен шығармау керек, бұл ойды бұрмаламау керек. Бұл ретте А. Глоба түпнұсқаға Ө. Қодардан әлдеқайда жақын және оның осы аядағы мазмұнын дұрыс берген. Сондай олқылықтар Ө. Қодар аудармасының екінші тармағынан да ұшырасады. Одан «ол мені әп-сәтте қауып алды» деген ой туады. Бұл, әрине, ақынның «Ол балтырымды қанатты» деген қанатты ойына балама бола алмайды. Түпнұсқадағы ой да, сөз де қанатты, бейнелі және нақты. Ал аудармадағы ой мен тіл тұрмыстық қалыпта айтылған, нақты емес, жалпы сипатталған. Аудармада өлеңнің ұлттық бояуы мен нақышы сейіліп кеткен. Кейінгі екі тармақтың аударылу дәрежесі де осы секілді. Аударманың соңғы тармағындағы «мергеннің бірінші құрбаны болдым» немесе «мергеннің құрбандығына бірінші болып ұшырадым» дегендей ойлар да түпнұсқаның шырайын аша алатын аудармашылық ізденіс қатарына жатпайды.

Бұл орайда өлеңнің А. Жовтис жасаған аудармасы ақынның поэтикалық ойлау даралығын, оның ұлттық ерекшелігін мүмкіндігінше дұрыс және көркем жеткізеді деп пікір тұюға болады. Бұдан аудармашының түпнұсқаның мазмұнын, ол мазмұнды жеткізіп тұрған тілдік бейнелеу құралдарының қызметін жете танығаны ғана емес, сонымен қатар оның талант тереңдігі, ақындық ойлау кемелдігі көзге түседі. Аудармашының еңбегін жоғары көркемдік деңгейге көтеріп тұрған факторлардың қатарында оның ақындық ойлау тереңдігімен бірге зерттеушілік зерделілігі де бар. Аудармашының шығармашылық қиялына қанат бітірген де осы екі ерекшелік болса керек. Соның нәтижесінде ғана аудармашы түпнұсқаға әрі қазақтың көзімен,

әрі орыстың көзімен, танымымен қарай алған. Қазақ тілі мен орыс тілі арасындағы жақындық пен алшақтықты, лексикалық-семантикалық және поэтикалық ерекшеліктер сипатын жете білу ғана аударманы осындай биікке көтере алады.

Адамның сыртқы түрін, бейнесін жасаудағы үздік үлгі қалыптастырған өлеңдердің бірі – «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ». Онда ақын адамның сыртқы түр-түсін, киім киісін, жүріс-тұрысын көзге елестеткендей анық суреттейді, кісінің сырты арқылы ішкі болмысын ашады. Өлеңнің осындай ерекшеліктерін аудармашылар да толық тануға күш салады. Өлеңнің бірнеше аудармасы бар. Д. Бродский, Ю. Нейман аудармалары ақын өлеңінің мазмұнын, тақырыбы мен идеясын, толық ашуға бағытталған көркемдік-эстетикалық ізденістерден туған. Оларда әр аудармашының ойлау ерекшеліктері мен ақындық даралықтарынан туындап жатқан дара белгілер де мол. Ал М. Сильченко бұл өлеңнің жолма-жол, сөзбе-сөз аудармасын жасап, оны тақырыптық-идеялық тұрғыдан талдап көрсетеді.

«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» тармағының әр мағыналық бөлігінде үлкен мән, терең ой жатыр. Аудармада оларды толымды түрде жеткізу оңай емес. Аудармашылардың ешқайсысы да өлеңнің бұл тармағы беретін мағынаны толық аударма алмаған. Ю. Нейманның «Не в том беда, что сбились вы с пути, Нет, с умыслом хотите вы идти» деуі немесе Д. Бродскийдің «Тот, кто заблудился, видит впереди простор пустой» деуі – бәрі де түпнұсқаның мәнін ашып тұрған шырайлы аударма емес. Бірақ аударма үлгілерін жоққа шығару да дұрыс болмайды. Түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік пен алшақтықты әр сөз, әр тіркес деңгейінде анықтап, аударма сапасы жөнінде айтар ойды соның нәтижесінде ғана түйіндеу біржақтылыққа әкеліп соғуы мүмкін. Бұл жерде түпнұсқа мазмұны мен мәнін өзге тілдің көркемдік бейнелеу құралдары мен мүмкіншіліктері арқылы қайта жасау аудармашы еңбегінің басты өлшемі екенін есте ұстауға тура келеді. Әдеби-көркем аударманың бағалылығы осы аяда таразылануы керек. Д. Бродскийдің мына аудармасын осы талап тұрғысынан бағалағанда, түпнұсқа мен аударма арасында

кездесетін ауытқуларды көркемдік тұрғыда олқылық, кемшілік ретінде қабылдау ретсіз болып шығады:

Тот, кто заблудился, видит впереди простор пустой,
Он словами нечестивых увлечен и пред толпой.
Держится высокомерно, как богач, кто сыт добром,
И нечистые делишки с легкою творит душой [5, 35].

Түпнұсқадағы «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ, Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ. Қас маңғаз малға бөккен кісімініп, Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ» [4, 55] секілді жолдарды Д. Бродскийден артық әсерлі аударған аудармашы әзірге жоқ. Ақынның таңдамалы шығармаларының 1951 жылғы басылымында бұл өлеңнің мәтіні басқаша еді. Мына басылымда өлең жүйесі, пішіні жинақы тартып, көркемдік сапасы арта түскен [12, 18]. Жекелеген сөздер деңгейінде кездесетін алшақтықтарға, лексикалық ауытқуларға қарамастан, аударма көркемдік кестесі, мазмұн мен түрдің келістілігі, ақын ойы мен ақын өлеңіндегі суретті, бейнені, түр мен түс сипатын жеткізудегі дәлдік пен еркіндіктің шығармашылық нәтижелілігі жағынан сәтті, түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық табиғаты мен қызметін дұрыс жеткізеді. Аудармашы түпнұсқаның реалистік, сыншыл сипатын білдіретін, танытатын поэтикалық мазмұнды ақынның шығармашылық даралығына сай әсерлі, мағыналы етіп аударған.

Рас, аудармада «арты – соқпақ», «қас маңғаз», «малға бөккен», «арамның сөзі» секілді сөздер дәлме-дәл аударылмаған. Бірақ олардың беретін мағынасын аудармашы орыс тілінде басқа сөздермен жеткізеді. Бұдан түпнұсқаның мағыналық жүйесі, мазмұн, идея байлығы зардап шекпейді. Әр сөздің жеке мағынасының жетегінде қалмай, тұтас мәтін мағынасын жеткізуді басты нысана етіп, аударманың мазмұны мен пішінін жарастыруда еркін қиялға, шығармашылық бостандыққа ұмтылу аудармашыны айтарлықтай табыстарға жеткізген. Ю. Нейманның аудармасында да шығармашылық еркіндіктің ізі сайрап тұр. Алайда ол тым еркін, еркінсіп кетеді. Онда түпнұсқаның құрылым жүйесі, стильдік даралығы, сонымен бірге мазмұны айтарлықтай өзгерістерге түседі:

Не в том беда, что сбились вы с пути,
Нет, с умыслом хотите вы идти
Дурным путем и чванитесь пред всеми:
«Мы нынче – сила! С нами не шути!» [11, 48].

Түпнұсқаның екі тармағындағы ой аудармада үш тармаққа дейін жалғасады. Түпнұсқада ақын ешкімге қайырылып сөйлемейді, ешкімге арнайы бұрылып сөз бастамайды, адасқан адамның жайы жайында ғана бейтарап ой толғайды. Аудармада ақын стиліне тән мұндай бейтараптық жойылып, ақын сөзінің бағыты, «адресаты» ашықтан-ашық көрсетіледі. Өлең мәтініне төл сөз кірістіріледі. Сонымен бірге түпнұсқаның кейінгі екі тармағының мазмұны толығымен өзгеріп, басқа ой орын алады.

Сөйте тұра аудармада Абай дәуірінің адамының болмысы дұрыс ашылатыны, аудармашы бұл тұрғыда ақын ойының негізгі желісі мен мәнін жеткілікті дәрежеде сақтай білгені анық. Өлеңнің келесі шумағының аудармасы туралы да осындай ой түюге болады. Екі аудармашының тілінде, машығында сақталған айырмашылықтар, олардың түпнұсқаға жақындығы мен сәйкестігі немесе, керісінше, одан алыстығы мен ауытқулары түрлі деңгейде, түрлі дәрежеде болғанына қарамастан, ақын шығармасының шырайын бұзбай, мағынасын ашып аудару – олардың үлкен жетістігі.

Бір аршөпке шапаны сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынып, басады алшақ.
Қарсы алдына жымырап келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ [4, 55], –

деген шумақта кісінің сырт бейнесі соншалықты анық, айқын суреттелгені бірден көзге түседі. Мұны оқыған адамның көзіне сол кісінің жүрісі мен тұрысы, киім киісі, түр-түсі анық елестейді. Аудармашының басты міндеті аударма тілінің байлығын пайдалана отырып, осы бейнені қайта жасап шығуда. Жоғарыда аталған екі аудармашы бұл жолы да өз міндеттерін екі түрлі жолмен, екі түрлі тәсілмен орындап шыққан. Д. Бродский, ілгеріде көрсетілгендей, түпнұсқаға мазмұн жағынан да, түр

жағынан да, көп жақын, түпнұсқаның мағыналық-құрылымдық жүйесін сақтай отырып, ол адамның бейнесін де түпнұсқаға сай деңгейде жасайды:

Новенький шапан суконный не топорщится на нем,
И шагает он вразвалку, низко стянут кушаком.
Малахай свой загибает кверху он для красоты,
До тех пор, покуда пышный не облезет мех кругом [5, 35].

Түпнұсқада шапанның неден, қандай матадан жасалғаны ешқандай мәнге ие емес, ол жайында ештеңе айтылмаған. Аудармашы оны нақтыландырып «шұға шапан» дейді. Шапанның шұғадан тігілгенін көрсету – аудармашының өз тарапынан қосқаны. Бұл түпнұсқаның да, аударманың да көркемдігін арттыратын тиімді деталь емес. Ол аударма мәтіні үшін орынсыз, артық сөз қатарына да жатпайды. Бұл сөздің негізгі қызметі – шапанды нақтыландыру, оның ерекше белгісін көрсету. Жалпыны бұлайша нақтылау аударманың теориясы үшін де, тәжірибесі үшін де жат емес. «Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ» тармағы суретке де бай, эмоциялық бояуға да қанық. Осы байлық пен осы бояу қанықтығын жеткізуге келгенде, аудармашы едәуір жалпылыққа ұрынып, суреттілік пен бейнелілік арқауын босаңсытып алғандай болады. Дегенмен түпнұсқа мазмұны бұдан өңін қашырып, мәнін жоймайды. Ю. Нейман түпнұсқадағы ұғымдардың бірқатарын жалпыландырып аударады:

Вам нравится одеждой пеголять,
«Гляди, какой шапан!.. Какая стать!..»
Иной раз для форса так заломит шапку,
Что в ней простой ушанки не узнать! [11, 48].

Түпнұсқадағы «шапан» аудармада «киім» болып өзгерген. Сипаттама түрінде айтылған ой төл сөзге айналған. «Құлағы салтақ-салтақ ақ тымақ» та жалпыланып, құлақшынның түр-түсін білдіретін детальдар тобы жойылған. Жалпының орнына жалқыны пайдалану, нақтының орнына абстрактілі ұғымды алу аударма ісі үшін жат тәсіл емес, мұндай тәсілдер аудармада кең

қолданылады. Түпнұсқа мазмұны мен мәнін тиімді жеткізуде бұл тәсілдердің атқаратын көркемдік қызметі жоғары. Екі аудармашы, осылайша, екі түрлі аударды және аударманың екі түрлі типін жасайды. Бірінде нақтылық, заттылық басым болса, екіншісінде жалпылық, абстрактілік басым. Бірақ екеуі де түпнұсқа мазмұнын аударма тілінде жарасымды жеткізеді, адам бейнесін келістіріп жасайды.

Жаздыгүні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар о-дағы аппақ.
Керегеге сабауды шанышып қойып,
Бөркін іліп қарайды жалтақ-жалтақ [4, 55], –

деген жолдарында адам бейнесі одан әрі сомдалып, нақтылана түседі. Оның сыртқы түр-түсінен, қылығынан ішкі шындығы, мінез ерекшелігі, құлқы қатар көрінеді. Д. Бродский мұны да нақты, дәл аударуға қол жеткізген:

Никогда не мнется летом шапка белая его,
Гладко струганная палка, глянь, под мышкой у него.
В кереге засунув палку и повесив шапку, он
Нагло на стороны смотрит и не видит никого [5, 35].

Аудармашы кісінің түріндегі басты белгілер мен қылығын дәл суреттейді. Түпнұсқада жасалған образ аудармада сол бойымен, сол қалпымен елестейді. Нақты деталь деңгейінде алып қарағанда, жекелеген сөздердің мағынасы өзгерген. Мысалы, түпнұсқадағы «сабау» аудармада таяқ (палка) ретінде көрсетіледі. Ақын сабаудың да аппақ болып кеткенін бекерден бекер көрсетіп отырған жоқ. «Салтақ-салтақ ақ тымақ» пен жүн сабаудан әбден ағарып, «аппақ» болып кеткен сабауды таяқ қылып ұстау үндесіп, бейнесі жасалып отырған адамның мінезін, құлқын жанама түрде болса да жарқыратып ашады. Мұны жанама мінездеудің озық үлгісі ретінде бағалау артық емес. Егер ол таяқты қолдан жонып жасаса, онда оның кісілігі, ісі, іске қабілеті туралы жағымды әсер алуға болар еді. Түпнұсқада кісі бойында мұндай «іскерлік» қабілет жоқ. Ал аудармада «сабау» сөзі «тегіс жонылған таяққа»

айналуы түпнұсқа мәтінінің өзегінде жатқан эмоциялық бояуы бар мағынаны әлсіретіп жібергендей көрінеді. Бұлай етпеске аудармашының айласы да болмаған. Өйткені «сабау», «ағарып, аппақ болып кеткен сабау» қазақтың тұрмыс-тіршілігінің, кәсібінің ерекшелігіне байланысты қолданылатын, ұлттық тіл ерекшелігіне тән сөз қатарына жатады. Мұны орыс тіліне тікелей аудару мүмкін емес, сондай-ақ «таяқ» (палка) ұғымынан басқаша етіп жеткізуге де мүмкіншілік жоқ. «Кереге» сөзі туралы да осыны айтқан дұрыс. Бұл сөзді аудармашы сол қалпында, орыс тіліндегі баламасын немесе аудармасын алмай, қазақша күйінде пайдаланған. Аударма үшін, түпнұсқаның ұлттық реңін жеткізу үшін бұл да тиімді, жарасымды және лайықты шешім болып табылады.

Ю. Нейманның аудармасында бұл жолдар былай беріледі:

Ушанку носит он и в летний зной,
Не расстается с палочкой резной.
Придет, на палочку нацепит шапку
И пыль в глаза пускает всем, дурной! [11, 48].

Аудармада «кереге» туралы сөз болмайды. Ақ сабауды керегеге шаншу, оған құлағы салтақ-салтақ ақ тымағын ілу – тұтасып тұрған сурет, суреттің бойында сірескен мінез жатыр. Аудармада бұл суреттің кейбір қырлары алынып қалған. Керегеге ақ сабауды шаншу, оған тымақ ілу түгелдей өзгерген, ықшамдалған. Таяқ туралы ұғым бар, таяққа тымақты ілу туралы хабар сақталған, кісінің мінезін ашатын қылықтары, сыртқы түр-түсі де бұзылмаған күйі жеткен. Бірақ таяқты шаншу, таяқты керегеге шаншу немесе әйтеуір бір жерге шаншу туралы ұғым көрінбейді. Әуелі таяқты шаншу, одан соң таяқтың басына тымақты ілу – өзара тұтасып жатқан, бірімен-бірі өзара байланысып жатқан суретті береді. Аудармада бұл суреттердің өзара байланысы, бір-біріне түсіретін жарығы мен көлеңкесі толық ашылмаған. Соның нәтижесінде таяққа тымақты ілу туралы хабар жалаң, жадағай болып шыққан. Таяққа тымақты қалай ілуге болатыны анық байқалмаған күйі қалып қойған. Дегенмен аудармада түпнұсқа

мазмұны, адам бейнесі толық берілген. Бұл аударма еңбектің басты жетістігі болып табылады. Аудармашы түпнұсқаның мазмұнын, ондағы адам бейнесін автордың шығармашылық ой өзегіне сай, азаматтық нысанасына лайықты дәрежеде жеткізе білген. Түрге келгенде, аудармашы өз қалауынша әрекет етеді. Бұлай дегенде, соңғы тармақтың пішініне назар аударған дұрыс. Тармақ пішіні түпнұсқа түріне мүлде сәйкес келмейді: образды, бейнелі, фразеологиялық қасиетке ие. Дегенмен мұны түпнұсқа мазмұнын бұрмалайды немесе одан мүлде алыстап кетеді деуге болмайды, онымен бірге бұл тармақ түпнұсқа өзегіндегі ойды ғана емес, ондағы бейненің сыртқы қалпы мен ішкі шындығын дұрыс көрсетуге, толық әрі анық танытуға қызмет етеді.

Ілгеріде талданған шығармаларға ортақ ерекшелік – оларда өмір құбылыстарын сипаттау мен баяндау тәсілі басым. Оларда терең суреттеу, терең бейнелеуге алып келетін қою бояу, қат-қабат бейнелеу құралдары жоқ. Сондықтан оларды аудару аудармашыдан талмай ізденуді, көркемдік-бейнелеу құралдарының сұлу жарастығын іздеп табуды көп талап ете бермейді. Ақынның табиғат туралы өлеңдері, қыз бейнесі мен ат суретін жасайтын шығармалары туралы мұны айту қиын. Бұл топтағы өлеңдердің тілінде ұлттық бояу да соншалықты қанық, бейнелеу құралдары да сан алуан түрмен құлпырып тұрады. Мұндай өлеңдерді аудару аудармашыға үлкен сын екені сөзсіз. «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ», «Жаз», «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Қыс», «Білектей арқасында өрген бұрым» және басқа өлеңдер суреттілігімен, айрықша бейнелілігімен ерекшеленеді.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды [4, 41], –

деп басталатын өлеңнің көркемдік ерекшелігі, ондағы қыздың бейнесі туралы абайтану ғылымында бірқатар ғылыми ойлар болды [9; 96; 117]. Вс. Рождественский мен М. Тарловский бұл

өлеңді екі түрлі мәнерде аударады. М. Тарловскийдің аудармасында осы берілген шумақ былай аударылады:

Белый лоб – серебро, чей тонок чекан,
Он глазами лучистыми осиян.
Тонко вычерчен двух бровей полукруг,
Облик юной луны красавице дан [13, 33].

Енді осындағы қыз келбетінің берілу жолдарына назар аударайық. Аудармашы «ақ маңдай – нәзік қақталған күміс» дегенді айтады. Түпнұсқада «ақ маңдай» туралы сөз жоқ, ақ маңдай мен күміс арасында ауыстыру мағынасында қиыстырылған ой және жоқ. Түпнұсқада маңдай туралы емес, «кең маңдайлы» туралы айтылады. Ақын суреттеуінің пәні – «кең маңдайлы»! Басқаша айтсақ, ақын маңдай туралы сөйлеп отырған жоқ, қыз туралы сөйлеп отыр. Аудармадағы екінші тармақ тұтас «ақ маңдайға», адам емес, адамның, қыздың, маңдайына қатысты айтылады. «Он глазами лучистыми осиян» деген сөздер түгелдей маңдайға байланысты айтылады. Сөйтіп, аудармашы түпнұсқа мәнін өрескел өзгертеді. Түпнұсқаның суреттеу пәнін өзгертеді. Бұл өзгертуден көңілге ұялардай көркемдік-эстетикалық әсер табу қиын, керісінше «көзі жарқырап тұрған маңдайдан» жағымсыз әсер қалады. Бірінші тармақта эпитет, теңеу өзара үйлесе, жараса келе, қыз портретінің ерекше бір қырын ашады. Аудармада теңеу метафораға айналады. Түпнұсқадағы «қақтаған ақ күмістей кең маңдай» да, «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» қыз да көзден ғайып болады. «Аласы аз қара көз», «нұр жайнаған аласы аз қара көз» – бұл да жоғалып кеткен. Әсіресе, «аласы аз қара көздің» елесі де қалмаған. Аудармашы, түпнұсқадағыдай, көз туралы айтқанмен, түпнұсқадағы көзден, осылайша, аудармада ешқандай әсерлі сурет қалмаған. Үшінші тармақтағы «Жінішке қара қасын сызып қойған» деген суреттен де ажар қашқандай болады. Аудармашы «қара қас» туралы айтудың орнына, «екі қас» туралы сөз қозғайды.

Енді Вс. Рождественскийдің аудармасына көңіл аударайық:

Словно месяц, изогнутый в небе ночном,
Отливает сверкающий лоб серебром.

Свет струится из черных, как полночь, очей,
Брови вскинули иссиня-черный излом [5, 26].

Алдыңғы аудармамен салыстырғанда, Вс. Рождественскийдің аудармасы түпнұсқа табиғатын едәуір әсерлі танытады. Сөйте тұра мұнда да аудармашының өз тарапынан қосқандары, өзгертулері жеткілікті. Мұнда да «қақтаған ақ күмістей кең маңдай» елеулі өзгеріске түскен. Маңдайға тән «кең», «қақтаған ақ күмістей» сөздері аудармаға енбей, олардың атқарып тұрған қызметі де аудармада ашылмай қалған. Түпнұсқада ақын «ай», «жаңа туған ай» сөздерін «сызып қойған жіңішке қара қасқа» қатысты пайдаланатын болса, аудармадағы «түнгі аспанда иіліп тұрған ай» күмістей жарқырап сәуле шашып тұрған маңдайға қатысты қолданылады. Бір қарағанда, түпнұсқадағы «маңдай», «қас», «ай», «күміс» – басты ұғымдарды білдіретін сөздердің бәрі де бар. Бірақ сол сөздердің түпнұсқадағы қызметі аудармада басқа арнада, басқа жүйеде, өзгеріп көрінеді. Түпнұсқада маңдай қақтаған ақ күміске теңестіріледі. Аудармада маңдай айға теңестіріледі. Түпнұсқада көзге қатысты «аласы аз, қара» сөздері көздің сипатын білдіреді әрі эпитет қызметін атқарады, ал аудармада көз «түндей қара» немесе «қара түндей» секілді теңеу арқылы ерекшеленеді. Осының бәрі аудармашылардың түпнұсқадан ауытқып, қыз бейнесін өзгеше суреттегенін көрсетеді. Абай келбетін жасап отырған қыз аудармада басқа қырынан көрінеді. Өлеңнің соңғы шумағын Вс. Рождественский өзгертіп әрі оған өз тарапынан қосымшалар енгізіп аударған:

По-ребьячески нежен ее локоток,
Пальцы гладки, проворны, блестит ноготок,
И, потупясь, смущенно туманится взгляд,
Если косы рассыплют свой черный поток [5, 26; 13, 30].

Аудармашы өлең мазмұнын ашып тұрған басты сөздердің аудармасын сөзбе-сөз деңгейде жасай отырып, бірқатар сөздерді өз тарапынан қосады. Мысалы, түпнұсқада «Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы» тармағында ақ саусаққа қатысты бірнеше айқындаушы, бейнелеуші сөздер бар. Мұндағы «ажымсыз», «ақ»,

«іске ыңғайлы» сөздері түгелдей саусақтың белгілі бір ерекше қасиеттерін, сипаттарын білдіреді. Аудармада саусаққа қатысты екі ғана сөз қолданылады: «гладки» және «проворны». Мұндағы «гладки» сөзі түпнұсқадағы «ажымсыз» сөзімен сәйкес келетіні рас, «проворный» сөзі де «іске ыңғайлы» деген ұғымға жақын. Сөйте тұра саусақтың ақтығы туралы ұғым көрінбей қалған. Екінші жағынан, аудармашы «тырнағы жарқырайды» (блестит ноготок) деген секілді сөздерді өз тарапынан қосып айтады. Ақын суреттеп отырған саусақтың тырнағы да жарқырайтынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ақын саусақтың басты ерекшелігін білдіретін, басты сипатын білдіретін қасиеттерді суреттейді де, тырнақ жайында ештеңе айтпайды. Өйткені саусақтың сұлулығын тырнақтың әдемілігі ашпайды, саусақтың өз сұлулығы көзге ұрып тұрғанда, қазақ үшін тырнақтың әдемілігін айтып жату артық. М. Тарловский бұл жолды мына күйде аударады:

Эти гладкие пальцы ловки в питье [14, 32].

Аудармада көлденеңнен қосылған сөз кездеспейді. Сонымен қатар онда түпнұсқадағы саусақ сипатын білдіретін бейнелеуіш сөздер де тұтас қамтылмайды. Бұларда тағы да саусақтың ақтығы туралы айтып отырмыз. Аудармашы ақын арнайы көрсетіп, сұлулықтың басты белгісі ретінде танып отырған «ақ саусақ» аудармада жай ғана бір саусақ, іске ыңғайлы, ажымсыз саусақ болып берілген. Іске ыңғайлы, ажымсыз болуы саусақтың ажарын толық ашып тұрмағаны өз-өзінен белгілі болып тұр. Саусақтың ақтығы көрініс таппаған жерде оның көзді сүйсіндірген түр-түсі де, сұлулығы да жартылай ғана танылады.

Ақынның «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде аттың сыны мен сымбаты теңдессіз биік үлгіде жасалған. Оны аудару ілгеріде пайымдалған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңін аударудан әлдеқайда қиын. Сондықтан да болар, аудармашылардың көпшілігі бұл өлеңді аударуға тәуекел ете алмаған секілді. Ә. Қодардың аудармасы бұл орайда алғашқы талпыныстардың бірі болып табылады. Аудармашы ақынның тілін де, аттың сипатын да толық жеткізе алмаған, оны орыс

тілінде толық жеткізу мүмкін де емес секілді. Өйткені ондағы әр сөз әрлі, бейнелі, суретті және олардың көпшілігінің орыс тілінде дәл аудармасы, дәл баламасы жоққа тән. Өлеңдегі «қой мойын», «бөкен қабақ», «қоян жақ», «теке мұрын», «салпы ерін», «салқы төс», «жер соғарлы», «кең сауырлы» және басқа тіркестерді орыс тіліне аудару өте қиын, ал оларды орыс тіліне аударып қана қоймай, олар беретін мағына мен мазмұн негізінде поэзиялық аударма жасау одан да қиын.

Ақынның табиғат лирикасы суретті де бейнелі, көркемдік-бейнелеу құралдарына мейлінше бай екені белгілі. Оның үстіне ақын табиғат көріністерін, жыл мезгілдерін адам өмірінен, әлеумет тіршілігінен бөлектемей, оларды өзара сабақтастыра суреттейді. Сондықтан да ақын лирикасында адам, заман, қоршаған табиғи және әлеуметтік орта қатар бейнеленеді. Мысалы, ақынның «Күз» өлеңі тек күзгі табиғатты ғана емес, сол күзгі табиғат аясындағы ел өмірінің тынысын да танытады. Ақынның заман мен адам бейнесін жасаудағы шеберлігі мен оның аудармадағы көрінісі жайында ой қозғағанда, «Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Жаз» секілді табиғат көркі бейнеленетін өлеңдердің аудармалары айналасында көптеген маңызды мәселелердің шешімі табылады. Ақынның бұл топтағы шығармалары да суретке, бейне мен бейнелілікке бай дедік. Осы байлықтың аудармадағы болмыс-бітімі бірқатар мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары пікір түюге негіз болады. «Күз» өлеңінің бастапқы шумағын түпнұсқа мен аударма деңгейінде салыстыра пайымдап көрейік:

Тучи серые, хмурые, дождь недалек.
Осень. Голую землю туман заволок.
То ль от сытости, то ль чтоб согреться, резвясь,
Стригунка догоняет в степи стригунок [5, 57; 13, 164].

А. Гатовтың аударуында «Күз» өлеңінің алғашқы шумағы ақын шығармаларының 1970 жылы Москвадан шыққан таңдамалысында осылай берілген. Ал ақынның 1985 жылы А.Л. Жовтистің құрастыруымен Алматыдан шыққан таңдамалы өлеңдер

жинағында осы өлеңнің А. Гатовтың аударуындағы басқа үлгісі беріледі.

Тучи мрачно окутали весь небосвод –
Это осень в дождях и туманах ползет.
И застывшую землю, от стужи дрожа,
Кобылица напрасно копытом скребет [15, 23].

Бір өлең, бір өлеңнің екі аудармасы, екі аударманы аударған – бір аудармашы. Өлең – біреу, аудармашы – біреу, ал аударма – екеу. Екі аударма – екі түрлі. Екі аударма арасында үлкен айырмашылық бар. Екеуі екі бөлек адам жасағандай екі дара ерекшеліктермен көзге түседі. Бұл екі аударманың түпнұсқаға қатысы да – екі түрлі, екі түрлі дәрежеде. Енді осы шумақтың тармақтары беретін суреттерді өзара салыстырып көрейік. «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» жолының басты пәні – бұлт. «Сұр», «түсі суық» та сол, «аспанды қаптайтын» да сол. Алғашқы аудармада бұлттың «сұр», «түсі суық» сипаты біршама дұрыс ашылған, ал оның «аспанды қаптайтыны» мүлде көрсетілмеген. Түпнұсқаның осы бір тармағының өзінде тұтасқан сурет жатыр, күздің нақты бір көрінісі бар. Ақын өлеңінің даралығы да оның осындай жекелеген суреттердің нақтылығы мен айқындылығынан, бояуының қанықтығынан түзіледі. Аудармада суреттелініп отырған нақты құбылыстың мұндай бейнесі толық көрініс таппайды. Күзгі бұлттың ашылмай қалған сипатының орнын аудармашы «дождь недалек» сияқты өз көңілінің топшылауымен толықтырады. Түпнұсқада жаңбыр жауа ма, жаууға жақын ба, жауайын деп келе ме – бұл туралы ешқандай болжам жоқ. Ақын үшін жаңбыр жауайын деп келе ме, жоқ па – оның ешқандай мәні, маңызы жоқ. Ақын күзгі күннің суретін жасайды, оның әр көрінісінен болжам жасап, оның әр көрінісіне түсінік бермейді. Аудармашы түпнұсқада жоқ осындай топшылаулар мен түсініктерді өз тарапынан қосу арқылы ақынның стилін де, сөз арасына бөгде не бөтен сөз қоспайтын мінсіз ақындық мәдениетін де өз деңгейінде орыс оқырмандарына жеткізе алмаған.

Екінші аудармадағы алғашқы тармақ түпнұсқа мәніне едәуір жақын көрінеді. Онда күзгі бұлттың аспанды қаптағаны туралы ой толық берілген, бірақ сол бұлттың «сұр» екендігі, басқаша айтсақ, бұлттың ерекше қасиетін, белгісін көрсетіп тұрған эпитет жойылып кеткен. Түпнұсқаның осы шумағының төртінші тармағы – Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан – мүлде кедейленіп аударылған. Аудармашы ақын өлеңіндегі «жылқы», «бие», «тай» сөздерінің бәрін бірінші аудармада бір ғана сөзбен, (стригунка, стригунок) береді. Екінші аудармада бұл сөздердің қатарын «кобылица» сөзімен жеткізеді. Әрине, аудармашы өзінің екі аудармасында екі бөлек сөзді қолданғанда да, түпнұсқадағы ұғымдар қатарын түзіп тұрған «жылқы», «бие», «тай» мәнін жете даралап бере алмаған. Қазақ тілінде жылқыға қатысты неше түрлі атаулар бар: жылқы, бие, ат, айғыр, сәурік, құлын, жабағы, тай, құнан, бесті, дөнен, т.б. Бұл сөздердің бәрі орыс тіліне аударыла бермейді, олардың көпшілігінің орыс тілінде дәл аудармасы да, дәл баламасы да жоқ. Халықтың тұрмысымен, кәсібімен байланысты мұндай сөздердің ұлттық реңі, бояуы қалың. Тұрмыс-тіршілігі бөлек, кәсібі басқа халықтардың тілінде жылқыға байланысты мұншама мол атауларды табу қиын. Мұндай жағдайда аудармашы олардың лайықты баламасын табуы немесе оларды ұлт тіліндегі айтылуы мен жазылуы қалпында беріп, тиісті түсініктеме жасауына да болар еді. А. Гатов оған бармай, түпнұсқадағы суретті тым ықшамдап аударған. Аударманың «бие бекерге жер тарпиды» / Кобылица напрасно копытом скребет/ дегені түпнұсқадағы «Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан» тармағындағы үш түрлі қимыл-қозғалыс сипатын, іс мәнін және сол үш түрлі қимыл-қозғалыс, іс иелерінің даралығын жеткізе алмай тұрғаны анық. Алдыңғы аудармадағы «Стригунка догоняет в степи стригунок» секілді жол да түпнұсқадан өте алшақ, мұнда да түпнұсқадағы үш түрлі қимыл-қозғалыс және сол үш түрлі қимыл-қозғалыстың үш түрлі иесі көрсетілмеген. Аудармада түпнұсқа өзегіндегі сурет пен бейненің толық қайта жасалмауы туралы ойға негіз болатын – осындай олқылықтар.

Әдебиеттер

1. Өуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография // Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Т. XX. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6-245-б.
2. Мұқанов С. Абай Құнанбаев // Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. Он алты томдық. Он алтыншы том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 169-391-б.
3. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. -т.1. – 454 б.
5. Абай Құнанбаев. Избранное /перевод с казахского. – М.: Художественная литература, 1981. – 224 с.
6. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата, 1957. – 294 с.
7. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.
8. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Избранное /перевод с каз. комментарии А. Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 224 с.
9. Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
10. Абай Құнанбаев. Безветренной ночью луна / перевод с казахского М. Султанбекова. – Семипалатинск, 1992. – 28 с.
11. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Избранное /перевод с казахского. – М.: Художественная литература, 1970. – 272 с.
12. Абай Құнанбаев. Избранное. – Алматы: Казгосиздат худ. лит., 1951. – 140 с.
13. Абай. Тридцать семь стихотворений / сост. и пер. М. Адипбаев. – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2006. – 440 с.
14. Құнанбаев А. Собрание сочинений в одном томе. Стихотворения. Поэмы. Прозы / перевод с казахского. – М.: Госиздат худ. лит., 1954. – 416 с.
15. Құнанбаев А. Избранные стихи / перевод с казахского, сост. А.Л. Жовтис. – Алма-Ата: Жазушы, 1985. – 168 с.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I тарау. Мәдениетаралық байланыстар	6
II тарау. Классикалық үлгі	37
III тарау. Көркемдік бейнелеу құралдары мен өзекті ойлар	54
IV тарау. Асыл нұсқа және аударма	80
V тарау. Мазмұн мен мағына	122
VI тарау. Образ және образдылық	158
VII тарау. Қабылдау мен пайымдау арналары	186
VIII тарау. Көркем ақпарат: аңғару мен аудару	209
IX тарау. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау)	261
ҚОРЫТЫНДЫ	288

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IX том

Пәнаралық-зерттеу

Авторлар:

*Дәдебаев Жангара, Тарақ Әнуар,
Көпбасарова Айнұр, Қожақанова Мәдина,
Сандыбаева Құралай, Сәйдәжиева Айдана,
Кіребәева Айдана, Түнкер Айсұлу*

Редакторы *К. Мухадиева*

Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*

Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ № 9189

Басуға 26.02.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$.
Көлемі 18,18 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №235.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.